

## Қазақстан Республикасының көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің ведомстволық наградалары туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің мідетін атқарушының 2006 жылғы»18 шілдедегі N 198 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2006 жылғы 2 тамызда тіркелді. Тіркеу N 4326. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 137 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012.04.24 № 137 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 қазан N 1105 қаулысы 11-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**  
Қ а р а ң ы з Р 0 4 0 0 0 1 2 3 7

#### 1. Қоса беріліп отырған:

I, II, III дәрежелі "Шахтер даңқы" белгісімен марапаттау тәртібі туралы н ұ с қ а у л ы қ ;

I, II, III дәрежелі "Еңбек даңқы" белгісімен марапаттау тәртібі туралы н ұ с қ а у л ы қ ;

"Көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері" атағын беру тәртібі туралы н ұ с қ а у л ы қ ;

Ведомстволық омырауға тағатын белгілердің сипаттамасы мен бейнесі;  
Куәліктердің үлгілері;

Марапаттау қағазының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті белгіленген заңнамалық тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің барлық құрылымдық бөлімшелерінің, өз қызметін министрлік жетекшілік ететін салаларда жүзеге асыратын ұйымдардың назарына

ж е т к і з с і н .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде ресми жарияланған күнінен бастап он күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін*

*атқарушы*

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы 18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

### **ШАХТЕР ДАҢҚЫ»БЕЛГІСІМЕН марапаттау тәртібі туралы нұсқаулық**

1.»"Шахтер даңқы" белгісінің үш дәрежесі бар, олардың біріншісі жоғары болып табылады. III дәрежелі белгісімен, II дәрежелі белгісімен, I дәрежелі белгісімен марапаттау қағида бойынша ретімен жүргізіледі.

2.»"Шахтер даңқы"»белгісімен көмір өнеркәсібі мен шахта құрылысы қызметкерлерінің мына санаттары мінсіз жұмысы және еңбек сіңірген жылдары ү ш і н :

жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан көмір, құрғатым шахталары мен разрездерінде жер асты және ашық жұмыстарда тұрақты айналысқан жұмысшылар, басшылар мен мамандар үздіксіз жұмыс өтілі:

«"Шахтер даңқы"»белгісімен марапаттау үшін көмір өнеркәсібі мен шахта құрылысы жұмысшыларының:

III дәрежелі»"Шахтер даңқы" белгісімен марапаттау үшін 5 жылдан кем емес,

II дәрежелі»"Шахтер даңқы" белгісімен марапаттау үшін 8 жылдан кем емес,

I дәрежелі»"Шахтер даңқы" белгісімен марапаттау үшін 10 жылдан кем емес үздіксіз еңбек өтілі болуға тиісті.

Көрсетілген, жер асты жұмыстарында 15 және одан да көп жыл жұмыс істеген және тек қана III дәрежелі»"Шахтер даңқы" белгісімен марапатталған қызметкерлер келесі II және I дәрежелермен кемінде екі жыл өткеннен кейін м а р а п а т т а л у ы м ү м к і н .

Көмір өнеркәсібі мен шахта құрылыстары кәсіпорындарының, ұйымдарының қызметін қамтамасыз ететін саланың басқа қызметкерлері:

III дәрежелі»"Шахтер даңқы"» белгісімен 10 жылдан кем емес,

II дәрежелі»"Шахтер даңқы"»белгісімен 15 жылдан кем емес,

I дәрежелі»"Шахтер даңқы"»белгісімен 20 жылдан кем емес үздіксіз жұмыс өтілімен марапаттала алады.

3. Жекелеген қызметкерлер жаңа техника мен технологияны жасаудағы, енгізу мен игерудегі, еңбекті ұйымдастыру мен басқарудың прогрессивті нысандарын енгізу мен басқарудағы айрықша жетістіктері үшін, апаттарды жою және адамдарды құтқару кезінде көрсеткен ерлігі, бастамашылығы үшін жұмыс өтілі есепке алынбай-ақ»"Шахтер даңқы"» белгісімен марапаттала алады.

4. Белсенді ынтымақтастығы мен көмір өнеркәсібін дамытуға жәрдемдескені үшін басқа салалардың қызметкерлері, шетелдік мамандар»" Шахтер даңқы"»белгісімен марапаттала алады.

5.»"Шахтер даңқы"»белгісімен марапаттауды Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қазақстан Республикасы Көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағымен бірлесіп жүргізеді.

Марапаттау туралы ұсынысты әкімшілік пен кәсіподақ комитеті енгізеді.

6. "Шахтер даңқы" белгісімен марапатталған адамдарға омырауға тағатын белгі, "Шахтер даңқы"»атағын беру туралы куәлік, естелік сыйлық (ақшалай сыйлықақы) тапсырылады, бұдан басқа марапатталушы санаторийге, демалыс үйіне жолдамамен қосымша көтермеленуі мүмкін.

Барлық үш дәрежелі белгілермен марапатталғандарға, марапатталу уақытына карамастан әкімшілік пен кәсіподақ комитетінің ұсынуы бойынша ұйым қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақының 15% мөлшерінде үстемақы белгіленуі мүмкін.

Естелік сыйлық (ақшалай сыйлықақы), санаторийге, демалыс үйіне жолдамалар сатып алуға байланысты барлық шығындар ұйымның шешімімен анықталады және осы мақсаттарға көзделген орталықтандырылған қордан төленеді.

7. Осы наградамен үйлеспейтін теріс қылықтар жасағаны үшін "Шахтер даңқы"»белгісінен айыруды ұйымнан келіп түскен өтініш негізінде Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағы жүргізеді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Э н е р г е т и к а                      ж ә н е                      м и н е р а л д ы қ  
р е с у р с т а р                      м и н и с т р і н і ң  
м і н д е т і н                      а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 0 6                      ж ы л ғ ы » 1 8                      ш і л д е д е г і

N 198 бұйрығымен бекітілді

## 1, 2, 3 дәрежелі "Шахтер даңқы" омырауға тағатын белгінің сипаттамасы

Белгі қалыбы және салпыншағы бар жетонды білдіреді.

Қалып тікбұрыш түрінде. Көк алаңда бір біріне көлбеу ақ және қызыл түсті жолақтар орналасқан.

Салпыншақ екі бөліктен тұрады: периметрі бойынша әшекейленген бес бұрыш түріндегі негіздеме. Орталық бөлігінде айқасқан кен балғасы, төменде кедір-бұдырлы "Шахтер даңқы" деген жазуы бар ақ лента орналасқан. Салпыншақтың төменгі бөлігінде награданың дәрережесін білдіретін рим цифрлы сопақша орналасқан.

Салпыншақтағы жапсырма қырлары бар бедерлі бес бұрышты нысанда жасалған.

Қалып пен салпыншақ бір-бірімен өткізгіш пен шығыршықтың көмегімен қосылады. 3 дәрежелі белгі даярланады.

1-дәрежелі белгі. Ленталармен айқасқан көк сызықты қалып. Лента кең, жолағы бар ақ түсті, ортасынан енсіз қызыл жолақ өтеді. Оң жақ лента төменгі бөлігіне сол жақ үстінен келеді.

Негіздеме мен жапсырма алтын түсті, металдан жасалады. Негізі алтын түсті. Қырлары бар бес бұрышты жұлдыз ашық қызыл эмальмен боялған. Салпыншақта "1" деген рим цифры орналасқан.

Қалып пен негіздеме алтын түсті металдан жасалады.

2-дәрежелі белгі. Ленталармен айқасқан көк сызықты қалып. Лента кең, ақ түсті, шеттеріне екі енсіз қызыл жолақ орналасқан. Оң жақ лента төменгі бөлігіне сол жақ үстінен келеді.

Қаракөк фонды күміс түстің негіздемесі. Бедерлі бес бұрышты жұлдыз алтын түсті металдан жасалған. Салпыншақта "2" рим цифры орналасқан.

3-дәрежелі белгі. Айқасқан ленталары бар көк түсті қалып. Лента кең, қызыл түсті, оның ортасында екі енсіз ақ жолақ орналасқан. Оң жақ лента төменгі бөлігіне сол жақ үстінен келеді.

Негіздеме мен жапсырма күміс түсті металдан жасалады. Қара фонды бар күміс түстің негіздемесі. Бедерлі бес бұрышты жұлдыз күміс түсті металдан жасалады. Салпыншақтағы сопақшада "3" деген рим цифры орналасқан.

Салпыншақ өткізгіш пен шығыршықтың көмегімен қалыппен қосылады.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің

міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

**Белгісі**

**"Шахтер даңқы" 1 дәрежелі  
(Белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз)**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

**Белгісі**

**"Шахтер даңқы" 2 дәрежелі  
(Белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз)**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

**Белгісі**

**"Шахтер даңқы" 3 дәрежелі  
(Белгінің бейнесін қағаз мәтіннен қараңыз)**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

## **"ЕҢБЕК ДАҢҚЫ"»ОМЫРАУҒА ТАҒАТЫН БЕЛГІСІМЕН марапаттау тәртібі туралы нұсқаулық**

1.»"Еңбек даңқы"»белгісінің үш дәрежесі бар, олардың біріншісі жоғары болып табылады. III дәрежелі белгісімен, II дәрежелі белгісімен, I дәрежелі белгісімен марапаттау қағида бойынша ретімен жүргізіледі.

2.«"Еңбек даңқы"»белгісімен көмір өнеркәсібі ұйымдарының алдыңғы қатарлы жұмысшылары, мамандары мен қызметшілері мінсіз адал еңбегі үшін м а р а п а т т а л а д ы .

«"Еңбек даңқы" белгісімен марапаттау үшін көмір өнеркәсібі ұйымдары жұмысшыларының, мамандары мен қызметшілерінің үздіксіз жұмыс өтілі:

- III дәрежелі "Еңбек даңқы" белгісімен марапаттау үшін 10 жылдан кем емес,

- II дәрежелі белгісімен марапаттау үшін 15 жылдан кем емес,

- I дәрежелі белгісімен марапаттау үшін 20 жылдан кем болмауы тиіс.

Көмір өнеркәсібінің жекелеген қызметкерлері»"Еңбек даңқы"» белгісімен еңбекте қол жеткізген айрықша жетістіктері үшін еңбек өтілі есепке алынбастан м а р а п а т т а л у ы м ү м к і н .

Келесі дәрежемен (II және I) марапаттау кемінде 3 жылдан кейін жүргізіледі.

3.»"Еңбек даңқы" белгісімен марапаттауды Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасы көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағы жүргізеді. Марапаттау туралы өтінішті әкімшілік пен кәсіподақ комитеті ұсынады.

4. "Еңбек даңқы"»белгісімен марапатталған адамдарға омырауға тағатын белгі,"Еңбек даңқы"»белгісімен марапаттау туралы куәлік және естелік сыйлық (ақшалай сыйлықақы) тапсырылады, бұдан басқа марапатталушы санаторийге, демалыс үйіне қосымша жолдамамен көтермеленуі мүмкін. Барлық үш дәрежелі белгілермен марапатталғандарға әкімшілік пен кәсіподақ комитетінің ұсынуы бойынша тағайындалған зейнетақының 10 % мөлшерінде ұйым қаражаты есебінен үстеме белгіленуі мүмкін.

Естелік сыйлық (ақшалай сыйлықақы), санаторийге, демалыс үйіне жолдамалар сатып алуға байланысты шығындар ұйымның шешімімен анықталады және осы мақсаттарға көзделген орталықтандырылған қордан төленеді.

5. Осы наградамен үйлеспейтін теріс қылықтар жасағаны үшін» "Еңбек даңқы" белгісінен айыруды ұйымнан келіп түскен өтініш негізінде Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіподағы жүргізеді.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

**1, 2, 3 дәрежелі "Еңбек даңқы"  
омырауға тағатын белгінің сипаттамасы**

Белгі қалыбы және салпыншағы бар жетонды білдіреді.

Қалып жасыл түсті фонға жазылған "Көмір өнеркәсібі" деген жазумен тікбұрыш нысанда, қалыптың төменгі бөлігінде лавр гүлтәжі орналасқан.

Салпыншақ екі бөліктен тұрады: негізі "Еңбек даңқы" деген жазуы бар салпыншақтың жоғарғы бөлігінде қызыл түсті лентасы бар қисық нысан. Салпыншақтың төменгі бөлігінде қызыл түсті және награданың дәрежесін білдіретін цифры бар сопақша ленталар орналасқан. Жапсырманың ортасынан металл сәулелер шығады.

Салпыншақтағы жапсырма қырлары бар бедерлі бес бұрышты жұлдыздар түрінде жасалған. Жұлдыздың астында крест кен балғасына кесе-көлденең орналасқан.

Қалып пен салпыншақ бір бірімен өткізгіш және шығыршықтың көмегімен қосылады. 3 дәрежелі белгі даярланады.

1-дәрежелі белгі. Қалып, негіздеме және жапсырма алтын түсті металдан жасалады. Кен балғасы бар бес бұрышты жұлдыз ашық қызыл эмальмен боялған. Салпыншақта "1" деген цифр орналасқан.

2-дәрежелі белгі. Қалып пен негіздеме алтын түсті металдан жасалады. Салпыншақта "2" деген цифр орналасқан. Жапсырма (кен балғасымен айқасқан бес бұрышты жұлдыз) күміс түсті металдан жасалған.

3-дәрежелі белгі. Қалып пен негіздеме күміс түсті металдан жасалады. Салпыншақта "3" деген цифр орналасқан. Жапсырма (кен балғасымен айқасқан бес бұрышты жұлдыз) алтын түсті металдан жасалған.

Салпыншақ өткізгіш пен шығыршықтың көмегімен қалыппен қосылады.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

## **Белгісі**

**"Еңбек даңқы" 1 дәрежелі**

**(Белгінің бейнесін қағаз мәтіннен қараңыз)**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы» 18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

## **Белгісі**

**"Еңбек даңқы" 2 дәрежелі**

**(Белгінің бейнесін қағаз мәтіннен қараңыз)**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы» 18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

## **Белгісі**

**"Еңбек даңқы" 3 дәрежелі**

**(Белгінің бейнесін қағаз мәтіннен қараңыз)**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы» 18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

## **"КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІНЕ ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ"»АТАҒЫН беру туралы нұсқаулық**

1. «"Көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері"»атағы шахта, разрездер, байыту (брикет) фабрикалары, құрылыс, зауыттар, институттар және көлік ұйымдарының еңбеккерлеріне, ұзақ жылғы адал еңбегі және жоғары өндірістік





Қалыптың сыртқы бетінде бекіткіш цанга немесе түйреуіш орналасқан.  
Қалып пен салпыншақ бір бірімен өткізгіш пен шығыршықтың көмегімен қосылады.

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі  
N 198 бұйрығымен бекітілді

### Белгісі

**"Көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері"**  
(Белгінің бейнесін қағаз мәтіннен қараңыз)

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
міндетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі

N 198 бұйрығымен бекітілді

Куәлік N \_\_\_\_\_

Удостоверение N \_\_\_\_\_

### III ДӘРЕЖЕЛІ "ШАХТЕР ДАҢҚЫ"

Награжден знаком

Белгісімен наградталды **"ШАХТЕРСКАЯ СЛАВА" III СТЕПЕНИ**

Қазақстан Республикасы Приказом Министра энергетики и  
Энергетика және минералдық минеральных ресурсов Республики  
ресурстар Министрінің Қазақстан  
200\_жылғы«"\_\_" \_\_\_\_\_дегі от "\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_\_г.  
N \_\_\_\_\_ бұйрығымен N \_\_\_\_\_  
Министр \_\_\_\_\_

Куәлік N \_\_\_\_\_

Удостоверение N \_\_\_\_\_

### III ДӘРЕЖЕЛІ "ЕҢБЕК ДАҢҚЫ"

Награжден знаком

Белгісімен наградталды **"ТРУДОВАЯ СЛАВА" III СТЕПЕНИ**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар Министрінің  
200\_жылғы«"\_\_" \_\_\_\_\_дегі  
N \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
Министр \_\_\_\_\_

Приказом Министра энергетики и  
минеральных ресурсов Республики  
Казахстан  
от "\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_\_г.  
N \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
мідетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі

N 198 бұйрығымен бекітілді

Куәлік N \_\_\_\_\_

Удостоверение N \_\_\_\_\_

**"КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІНІҢ  
ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗМЕТКЕРІ"**

Присвоено звание

**"ПОЧЕТНЫЙ РАБОТНИК**

Атағы берілді

**УГОЛЬНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ"**

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
Ресурстар Министрінің  
200\_жылғы« " \_\_ " \_\_\_\_\_дегі  
N \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
Министр \_\_\_\_\_

Приказом Министра энергетики и  
минеральных ресурсов Республики  
Казахстан  
от "\_\_" \_\_\_\_\_ 200\_\_г.  
N \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрінің  
мідетін атқарушының  
2006 жылғы»18 шілдедегі

N 198 бұйрығымен бекітілген

**МАРАПАТТАУ ПАРАҒЫ**

1. Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_
2. Туған жылы (күні, айы) \_\_\_\_\_
3. Кәсібі (лауазымы) \_\_\_\_\_
4. Жұмыс орны \_\_\_\_\_
5. Көмір өнеркәсібіндегі жұмыс өтілі \_\_\_\_\_

6. Осы ұйымдағы жұмыс өтілі \_\_\_\_\_

7. Бұрын алған ведомстволық наградалары (марапатталған күні)

---

---

---

---

---

8. Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Қызметкерді марапаттауға ұсыну үшін негіз болған өндірістік жеістіктері мен қызметіне қысқаша сипаттама \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

---

---

Мараптталуға ұсынылады (қандай марапатқа) \_\_\_\_\_

---

---

---

---

*Еңбек қызметінің басынан бергі атқарған жұмысы*

Жылы	Кәсібі (пауазымы) көрсетіледі	
келген	кеткен	

Қолы мен мөрі \_\_\_\_\_

(Кадр бөлімінің бастығы)

Қ о л ы

мен мөрі Ұйым басшысы \_\_\_\_\_

Кәсіподақ комитетінің

төрағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

марапаттау парағының толтырылған күні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК